

### **3-курс Математика және оны оқыту әдістемесі пәні бойынша қорытынды бақылау сұрақтары**

1. 10 ішінде қосу және азайту амалдарының мазмұнын оқушыларға қалай түсіндіру керек?
2. Геометриялық материалдар дегенді қалай түсінесіз?
3. "Периметр" және "аудан" ұғымдары нені білдіреді?
4. 10 ішінде арифметикалық амалдарды үйренуде санау дағдысының маңызы неде?
5. Бастауыш сыныптарда геометриялық материалдарды оқытудың мақсаты неде?
6. Бастауыш сыныптарда периметр мен ауданды оқытудың негізгі мақсаты неде?
7. 10 ішінде қосу және азайту амалдарын үйретуде қандай көрнекі құралдар қолданылады?
8. Бастауыш сыныптарда оқытылатын негізгі геометриялық фигураларды атаңыз.
9. Периметр мен ауданды зерттеу геометриялық материалдарды меңгеруде қандай рөл атқарады?
10. "Теңдік" және "теңсіздік" ұғымдары 10 ішіндегі сандар мысалында қалай түсіндіріледі?
11. Геометриялық фигураларды үйренуде оқушылардың кеңістіктік түсінігін дамытудың маңызы неде?
12. Периметр ұғымын қалыптастыруда қандай әдістемелік принциптер басшылыққа алынады?
13. 10 ішінде сандарды үйренуде қандай дидактикалық ойындар тиімді болып саналады?
14. Геометриялық фигуралардың қасиеттерін оқытуда қандай әдістемелік принциптер басшылыққа алынады?
15. Аудан түсінігін үйретуде өлшеу іс-әрекетінің маңызы неде?
16. Арифметикалық амалдарды үйренуде ауызша есептеу дағдыларын қалай қалыптастыруға болады?
17. Көрнекілік принципі геометриялық материалдарды оқытуда қалай жүзеге асырылады?
18. Бастауыш сыныптарда ұзындық, периметр және аудан ұғымдары арасындағы байланыс қалай түсіндіріледі?
19. " $5 + 3$ " мысалын түсіндіру үшін қандай көрнекі әдісті қолдануға болады?
20. Оқушыларға "түзу сызық" және "қисық сызық" ұғымдарын қандай тәсілдермен түсіндіруге болады?
21. "Сантиметр квадрат" "дециметр квадрат" сияқты өлшем бірліктерін үйрету кезеңдері қандай?
22. " $9 - 2$ " мысалын оқушыларға оңай түсіндіру үшін қандай дидактикалық ойын қолайлы?
23. "Квадрат" және "төртбұрыш" фигураларының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын үйрету үшін қандай жаттығулар ұсынылады?
24. Периметр мен ауданды оқытуда көрнекілік принципі қалай жүзеге асырылады?
25. "Қосудың орын ауыстыру қасиетін" 10 ішінде қандай мысалдармен түсіндіруге болады?
26. "Дөңгелек" және "шеңбер" ұғымдарын оқытуда қандай көрнекі құралдарды пайдалануға болады?

- 27.Төртбұрыштың периметрін табу әдісін оқушыларға қандай реттілікпен үйретуге болады?
- 28.10 ішінде сандармен арифметикалық амалдарды бекіту үшін қандай жаттығулар ұсынылады?
- 29.Геометриялық фигураларды салуды үйретуде сызу құралдарын қалай пайдаланады?
- 30.Квадраттың периметрін табу үшін қандай практикалық жаттығуларды ұсынуға болады?
- 31."100 ішінде теріс емес бүтін сандар" ұғымы нені білдіреді?
- 32.Теңдеу дегенді қалай түсінесіз? Теңдеуді шешу дегеніміз не?
- 33."Координаттық бұрыш" ұғымы нені білдіреді?
- 34.100 ішінде арифметикалық амалдарды үйретудің негізгі мақсаты неде?
- 35.Теңдеу мен теңдіктің айырмашылығы неде?
- 36.Бастауыш сыныптарда координаталық бұрышты оқытудың негізгі мақсаты неде?
- 37.100 ішіндегі сандарды үйренуде ондық санау жүйесінің рөлі қандай?
- 38.Айнымалы ұғымын қалай түсіндіруге болады?
- 39.Координаттық бұрыштың негізгі элементтерін атап шығыңыз (координаттық осьтер, бірлік кесінділер, нүкте, координаттар).
- 40."Ондық" және "бірлік" ұғымдары қандай реттілікпен оқытылады?
- 41.Бастауыш сыныптарда теңдеуге қатысты білімді оқытудың мақсаты неде?
- 42.Нүктенің координаттары қалай анықталады?
- 43.100 ішінде қосу және азайту амалдары қандай түрлерге бөлінеді?
- 44.Теңдеуді шешудің арифметикалық және алгебралық әдістерінің айырмашылығы неде?
- 45.График дегеніміз не және ол қандай мәліметтерді көрсетеді?
- 46.Ондықтарды толықтырып қосу және азайту тәсілдерін түсіндіруде қандай әдістемелік тәсілдер қолданылады?
- 47.Теңдеулерді оқытуда талдау және синтез әдістерінің рөлі қандай?
- 48.Диаграмма дегенді қалай түсінесіз? Ол графиктен қалай ерекшеленеді?
- 49.100 ішіндегі сандармен амалдарды үйренуде көрнекі құралдардың маңызы неде?
- 50." $x + 5 = 9$ " теңдеуін оқушыларға қандай кезеңдерде түсіндіруге болады?
- 51.Бастауыш сыныптарда графиктер мен диаграммаларды оқыту қандай кезеңдерде жүзеге асырылады?
- 52.Ауызша және жазбаша есептеу әдістері арасындағы айырмашылықты қалай түсіндіруге болады?
- 53." $12 - x = 7$ " теңдеуін шешуде қандай реттілік сақталады?
- 54."Симметрия" ұғымын анықтаңыз. Симметрияның қандай түрлері бар?
- 55." $46 + 27$ " мысалын оқушыларға кезең-кезеңімен қалай түсіндіруге болады?
- 56.Теңдеуді шешуге үйретуде қандай көрнекі құралдарды пайдалану тиімді?
- 57.Оқушыларға координаталық бұрышты кезең-кезеңімен қалай таныстыруға болады?
- 58." $72 - 38$ " мысалын шешуде оқушыларға қалай түсіндіру керек?
- 59.Оқушыларға теңдеуді шешудің мәнін түсіндіру үшін қандай мысалдар келтіруге болады?
- 60.Нүктені координаталық бұрышта табуды және белгілеуді үйрету үшін қандай жаттығулар қолданылады?
- 61.Көбейту амалы қандай мағынаға ие және ол қандай мағынада оқытылады?

- 62.1000 ішіндегі сандармен арифметикалық амалдарды үйренудің мақсаты неде?
- 63.100 ішінде арифметикалық амалдарды үйретуде оқушылардың назарын сандардың құрамына аудару неліктен маңызды?
- 64.Бөлу амалы қалай түсіндіріледі және ол көбейтумен қалай байланысты?
- 65.1000 ішіндегі сандарды үйренуде ондық санау жүйесінің рөлі қандай?
- 66.100 ішіндегі сандармен ауызша есептеуді жеделдету үшін қандай жаттығулар тиімді?
- 67.Көбейту амалының негізгі қасиеттері қандай?
- 68.1000 ішінде қосу және азайту амалдары қандай түрлерге бөлінеді?
- 69.Диаграмма құрастыруды үйретуге қандай көрнекі құралдар көмектеседі?
- 70.Көбейту мен бөлу амалдары арасындағы өзара байланысты қалай түсіндіруге болады?
- 71.Жазбаша және ауызша есептеудің ерекшеліктері неде?
- 72.Кестемен жұмыс оқушыларда қандай талдау дағдыларын қалыптастырады?
- 73.Оқушыларды көбейту кестесін жаттауға үйретуде қандай әдістер қолданылады?
- 74.1000 ішіндегі сандарды оқытуда көрнекілік принципі қалай жүзеге асырылады?
- 75.Симметрия тақырыбын оқытуда қағазды бүктеу, кесу және сызу әдістері қандай рөл атқарады?
- 76.Бөлуді көбейту негізінде оқытудың артықшылығы неде?
- 77.1000 ішінде арифметикалық амалдарды үйретуде анализ және синтез әдістерінің маңызы неде?
- 78.10 ішінде сандар үстінде "Сандар қатары" арқылы қосу мен алуды үйретудің артықшылықтары неде?
- 79.Көбейту және бөлу амалдарын үйренуде ауызша және жазбаша есептеудің рөлі қандай?
- 80."356 + 248" мысалын кезең-кезеңімен түсіндіру үшін қандай әдістемелік тәсіл қолданылады?
- 81."Аудан" ұғымын қарапайым геометриялық фигуралар мысалында оқушыларға қалай түсіндіру керек?
- 82.Көбейту мен бөлуді үйретуде оқушылардың логикалық ойлауын дамыту қалай жүзеге асырылады?
- 83."702-389" мысалын оқушыларға жазбаша әдіспен қандай дәйектілікпен үйретуге болады?
- 84.Ауданның өлшем бірліктерін оқытуда қандай көрнекі құралдарды қолдануға болады?
- 85." $3 \times 4$ " мысалын оқушыларға қандай көрнекі құралдардың көмегімен түсіндіруге болады?
- 86.1000 ішінде арифметикалық амалдарды үйренуде ондықтармен, жүздіктермен және бірліктермен жұмыс істеудің ерекшеліктері қандай?
- 87.Оқушылардың периметр мен ауданды ажырату дағдысын қалыптастыру үшін қандай тапсырмалар беруге болады?
- 88." $12 \div 3$ " мысалын үйренуде қалай түсіндіруге болады?
- 89.1000 ішіндегі сандарды оқытуда оқушыларға қандай көрнекі құралдар тиімді болады?
- 90.Көп таңбалы сандарды көбейту және бөлу амалдарын үйретуде қандай кезеңдерді ұстанады?
- 91.Көп таңбалы сандармен амалдарды үйретуде ондық санау жүйесінің рөлі қандай?

92. Алгебралық материалдар дегенді қалай түсінесіз?
93. Бөлу амалын "бөлу - бұл кері амал" ретінде түсіндіруде қандай әдіс қолданылады?
94. Оқушылардың көп таңбалы сандардың разрядтық құрамы туралы түсінігін қалыптастыру қалай жүзеге асырылады?
95. Алгебралық материалдарды бастауыш сыныптарда оқытудың мақсаты неде?
96. 1000 ішіндегі сандармен арифметикалық амалдарды бекіту үшін қандай шығармашылық тапсырмалар беруге болады?
97. Көп таңбалы сандармен арифметикалық амалдарды орындау қандай әдістемелік принциптерге негізделеді?
98. Алгебралық білім математикалық дайындық жүйесінде қандай орын алады?
99. Көбейту мен бөлуді үйрететін сандар қатарын қолданудың артықшылығы неде?
100. Көп таңбалы сандар бойынша ауызша және жазбаша есептеу әдістерінің айырмашылығы мен өзара байланысы неде?
101. Оқушылар алгебралық ұғымдарға дейін қандай кезеңдерде жүзеге асырылады?
102. Оқушылардың көбею кестесін бекітуде қандай жаттығулар тиімді болып саналады?
103. Көп таңбалы сандарды үйренуде көрнекі және практикалық әдістер қалай қолданылады?
104. Алгебралық белгілер мен үлгілерді таныстыруда қандай әдістемелік тәсілдер қолданылады?
105. Көбейту мен бөлуге байланысты ауызша жаттығуларды ұйымдастыруда мұғалім неге назар аударуы керек?
106. Көп таңбалы сандармен арифметикалық амалдарды үйретуде анализ және синтез әдістерінің маңызы неде?
107. Айнымалы (х, у және т.б.) ұғымын оқушыларға қалай түсіндіру керек?
108. 10 ішінде сандармен амалдарды үйренуде сандық карточкалар мен есептеу таяқшаларының рөлі қандай?
109. "3257 + 4689" мысалын кезең-кезеңімен түсіндіру үшін қандай әдістемелік тізбек ұсынылады?
110. Алгебралық өрнек, теңдік және теңсіздік ұғымдары оқушыларда қалай қалыптасады?
111. Көбейту кестесін бекіту үшін қандай дидактикалық ойындарды қолдануға болады?
112. "9045 - 5872" мысалын жазбаша оқытудың реттілігі қандай?
113. " $x + 3 = 7$ " теңдеуін бастауыш сынып оқушыларына қандай дәйектілікпен түсіндіруге болады?
114. Оқушылардың жазбаша қосу және азайту дағдыларын қалыптастыру үшін қандай жаттығулар ұсынылады?
115. Көп таңбалы сандар үстіндегі амалдарды үйретуде қандай көрнекі құралдарды пайдалану тиімді?
116. "Теңдік" және "теңсіздік" ұғымдарын оқытуда қандай көрнекі құралдарды пайдалануға болады?
117. "Сантиметр квадрат" ұғымын қалыптастыру үшін қандай жаттығулар жүргізуге болады?
118. Көп таңбалы сандармен жұмыс істегенде ондықтардың, жүздіктердің және мыңдықтардың өзара байланысын қалай көрсетуге болады?
119. Алгебралық өрнектерді оқытуда анализ және синтез әдістері қалай қолданылады?

120. Оқушылардың жазбаша қосу және азайту дағдыларын қалыптастыру үшін қандай жаттығулар ұсынылады?
121. Ауызша есептеу дағдысын қалыптастыру үшін қандай жаттығулар қолданылуы керек?
122. Оқушыларда теңдеу ұғымын қалыптастыруда қандай кезеңдерді ұстанады?
123. Көп таңбалы сандарды қосу мен азайтуды үйретуде қандай кезеңдер басшылыққа алынады?